

**Колутон ауылының ЖОББ мектебінің
директор жанындағы кеңестің отырысы
ХАТТАМА**

Хаттаманың тіркеу нөмірі: №1

Күні: 12 қыркүйек 2025 ж.

Қатысқандар – 23 мұғалім (кітапханашы, шағын орталық тәрбиешісі)

Қатыспағандар - жоқ

Күн тәртібінде

1. Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқаулық жүргізу.
2. Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің берілуі
3. «Нөлдік» білім үзiгiн жүргізу.
4. "Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға және бағалауға бағытталған жұмыс жоспарын жасау сапасы».
5. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстарды ұйымдастыру.

1. ТЫНДАЛДЫ: мектеп директоры **А. Б. Аксентова** 2025-2026 оқу жылында Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқаулық жүргізу.

Бүгінгі таңда мектептердегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселесі өзекті болып тұрғаны ақиқат. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 182-бабы 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық жұмыс берушінің міндеті болып табылады. Осыған байланысты қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша түсіндіру жұмыстарын белсенді түрде жүргізуде. Мектепте еңбекті қорғау және қауіпсіздік нұсқауларын жүргізу 5 түрлі формада жүзеге асады:

Кіріспе нұсқау; Жұмыс орнында алғашқы нұсқау; Қайталама нұсқау; Жоспардан тыс нұсқау; Мақсатты нұсқау.

Кіріспе нұсқау. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқау келесі тұлғалармен жүзеге асырылады: уақытша жұмысшылармен; іссапарға барушылар; өндірістік оқуға немесе практикаға келген студенттер; ұйымның қауіпті өндірістік объектісінің аумағында жұмыстарды орындайтын мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері. Бағдарламаны еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі әзірлейді және еңбек қауіпсіздігі стандарттарының талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелері, нормалары мен нұсқауларын, сонымен қатар өндірістің барлық ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс берушімен бекітіледі.

Жұмыс орнында алғашқы нұсқау. Өндірістік іс-шаралар басталғанға дейін жұмыс орнында алғашқы нұсқау төмендегі тұлғалармен жүзеге асады:

Жаңадан келген жұмысшылармен; Өндірістік оқуға немесе практикаға келген студенттермен. Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқау жұмыстың тікелей басшысы (директоры) әр жұмысшымен қауіпсіз жұмыс әдістерін көрсете

отырып жүргізеді. Бағдарламалар ұйымның еңбек қауіпсіздігі стандарттарының талаптарын, қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті ережелерді, ережелер мен нұсқаулықтарды, өндірістік нұсқаулықтарды және басқа да техникалық құжаттарды ескере отырып әзірленеді және бірінші басшымен бекітіледі. Қайталама нұсқау. Жоғарыда аталған Қағидалардың 4-тармағының 44-тармақшасына сәйкес қызметкерлер біліктілігіне, біліміне, еңбек өтіліне, орындалатын жұмыстың сипатына қарамастан кемінде жарты жылда бір рет қайта даярлаудан өтеді. Жоспардан тыс нұсқау. Ереженің 4-тармағының 46-тармақшасында жоспардан тыс нұсқау келесі жағдайларда өткізілетіні көрсетілген: жаңа немесе қайта қаралған стандарттарды, ережелерді, нұсқаулықтарды, еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды, сондай-ақ оларға өзгерістер енгізу; технологиялық процестің өзгеруі, жабдықты, қондырғылар мен құралдарды, шикізаттарды, материалдарды ауыстыру немесе жаңарту және еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін басқа факторлар; қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзуға, жарақат алуға, апатқа, жарылысқа немесе өртке, улануға әкелуі мүмкін жағдайлар туындаған кезде; Сондай-ақ, бұл нұсқау реттеуші, қадағалау органдарының сұранысы бойынша өткізілуі мүмкін. Жоспардан тыс нұсқауды жұмыстың тікелей жетекшісі жеке-жеке немесе сол мамандықтағы жұмысшылар тобымен жүзеге асырады. Нұсқаудың көлемі мен мазмұны оның қажеттілігін тудырған себептер мен жағдайларға байланысты нақты жағдайда анықталады.

2. **Мектептің кітапханашысы И.Мажитова** тыңдалды: Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің берілуі. «Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7876 болып тіркелген. Оқу әдістемелік кешендердің қатарына оқу-әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдар, диктанттар жинағы, анықтамалықтар, сөздіктер, энциклопедиялар т.с.с. жатқызуға болады. Олардың қазақ тілін оқыту әдістемесінде маңызы орасан зор болып табылады. Оқу-әдістемелік кешендер оқушыларға білім беру, оқыту, оқушыларды жан-жақты тұлға етіп даярлау мақсатында пайдаланылады.

3. Оқу ісі жөнінде оқу орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: «Нөлдік» білім үзігін жүргізу. (бастапқы қыркүйек айында жүргізілуі тиіс) Әр пән бойынша білім алушылардың біліміндегі негізгі пәндерден қадағалап, мониторингісін шығару. Бақылау негізі: 2025-2026 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары. Бақылаудың мақсаты: оқу жұмысы бағдарламаларының қолжетімділігін, олардың іске асырылатын білім беру бағдарламаларының деңгейі мен бағытына сәйкестігін, құрылымына,

мазмұнына, ресімделуіне, оқу жоспарларын қабылдау және бекіту тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкестігін бақылау.

Бақылау объектілері: «О» білім кесіндісін жүргізу. Тексеру мерзімі: 2025 жылғы 12-18 қыркүйек. Бақылау нәтижелері:

Мектепшілік бақылау іс-шараларын жүзеге асыру шеңберінде, сондай-ақ 2025-2026 оқу жылының басталуын ұйымдастыру мақсатында 2025 жылғы 12-18 қыркүйек күндері каникул кезеңінен кейінгі білім деңгейін анықтау мақсатында «О» білім кесіндісі жүргізілді.

2-4,5-9,10,11 сыныптарында негізгі пәндер бойынша оқушылардың оқу жылы басындағы білім деңгейін анықтау мақсатында нөлдік білім кесіндісі өткізілді. 2-4 бастауыш сыныптарында қазақ тілі, математика, дүниетану пәндерінен 5-9,10,11 сыныптарда, қазақ тілі, математика, орыс тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, физика, биология, химия, география пәндерінен оқу жылы барысындағы оқушылардың бастапқы білім деңгейін бақылау мақсатында нөлдік білім кесінділері тест, тапсырмаларымен мәтіндік диктант, бақылаулар өтті. Тапсырмалар өткен оқу жылының соңындағы және бастапқы білім тапсырмаларымен құрылады.

3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға және бағалауға бағытталған жұмыс жоспарын жасау сапасы туралы оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: Функционалдық сауаттылық дегеніміз — адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарай ілесіп отыруы, адамның қабілетін дамығандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық жоспардың қабылдануы - оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту болып табылады. Соның бірі — функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы - сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі. Сындарлы оқытудың мақсаты - оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сондай-ақ оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстүрлі оқулардағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады. Оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері.

PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея, т.б.) нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мынадай фактор әсер етеді: білім беру мазмұны, оқыту нысандары мен әдістері, білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау, барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

4. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстарды ұйымдастыру бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлері. Қазіргі кезде оқушыларды толық, жан-жақты білім алуы үшін барлық жағдайлар жасалған деп айта аламыз. Алайда «бес саусақ бірдей емес». Оқушылардың физиялогиялық, психологиялық тұрғыдан даму деңгейлері, отбасылық жағдайлары, әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуі т.б. әртүрлі дәрежеде. Әрине, әр ата-ана өз баласының қатарынан кем қалмауына барынша көңіл қойып, қолынан келгендерін аямайды. Дегенмен оқушылардың арасында түрлі дәрежедегі артта қалушылықтың белгілері байқалып, сабақ үлгерімі төмен деңгейде қалып қоятын оқушылар жоқ емес. Бұндай жағдайда қол қусырып қарап отырмай, оның алдын алу қажеттігі анық. Сонау XII ғасырдың өзінде Жүсіп Баласағұн « Әр бала жұлдыз, оның жарқырауына көмек ет», - деген екен. Психология бойынша , дарынсыз оқушы болмайды. Ендеше сыныптағы сабақ үлгерімі төмен деп саналатын оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу арқылы белгілі дәрежедегі нәтежиеге қол жеткізуге болады. Үлгерімі төмен оқушыларды байқаған бетте, ең алдымен, дер кезінде оның себебін анықтау өте маңызды. Өйткені, өзімізге мәлім болғандай, адам бойында түрлі науқастар пайда бола қалса да, ең алдымен оның пайда болу себебін анықтайтыны белгілі. Себебін білмей тұрып, оған дұрыс ем де қолданылмайды. Міне осы себепті, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің педогогика психология ғылымында өзіндік қалыптасқан жүйесі бар. Сол жүйемен жұмыс жүргізу оң нәтежие береді. Сабақ үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің негізгі бағыттарын төмендегідей шартты түрге бөліп қарастырамыз. Үлгерімі төмен оқушыларды анықтау: педогогикадағы түрлі әдіс- тәсілдер, мұғалімнің күнделікті бақылауы. Оқушы үлгерімінің төмен болу себебін анықтау: ата- ана, мектеп психологі және медбикесімен бірлескен жұмыс нәтежиесі. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспарын құру. Жоспар негізінде жүйелі жұмыс атқару. «Үлгерімі төмен оқушы бойынан байқалатын қасиеттер қандай?», - деген орынды сауал туындайды. Үлгерімі төмен оқушылар Сабақ барысында баяу, сылбыр қозғалады; Сыныптағы оқушыларға оқу, жаттау, есептеу, мазмұндау т.б. ілесе алмайды; Оқуға деген қызығушылықтары төмен , сабаққа ынта қызығысы келмейді; Үй тапсырмасын үнемі орындамай келеді немесе шала орындап келеді. Олармен жеке жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты төмендегідей болып келеді: Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты: Оқушылардың артта қалуын, нашар оқуын болдырмау; Үлгермеушіліктің алдын- алу; «Әр оқушы жеке тұлға» қағидаты бойынша,

барлық оқушының өз дәрежесінде дамуын қалыптастыру; Барлық оқушының бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету. Оқушының үлгерімінің төмен болуына ықпал ететін басты факторлар: баланың дене кемістіктерінің болуы; ақыл-ой дамуының әлсіздігі; зейінінің тұрақталмауы; күн тәртібінің қадағаланбауы, яғни ата- ана қамқорлығының жоқтығы; тұрмыс жағдайының ауыр болуы; еркеліктің басым болуы; оқушы тәрбиесінің жетіспеушілігі, яғни жалқаулық, тәртіпсіздік істеріне бой алдыруы; бойындағы ұяндық, ұялшақтық қасиеттердің болуы; сабаққа жүйелі дұрыс қатыспау; белгілі бір пәнге деген қызығушылығының болмауы; оқудағы бақылаусыздық; үй тапсырмасын жүйелі орындамау және оны қажет деңгейінде тексерудің болмауы; оқудағы қиындықтарды жеңе білмеу, яғни ерік әлсіздігі; мұғалім тарапынан жіберілетін түрлі кемшіліктер, яғни кейбір мұғалімдердің сабақтарының сапасыз жүргізілуі, оқушының сабаққа қызықтыра алмауы жаңа материалды толық түсіндіре алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімін есепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісті дәрежеде талап етпеуі; Міне осы сияқты баланың сабақ үлгерімінің нашар болуына мұрындық болатын себептердің саны оның себептері өте көп. Бұның алдын алу үшін мұғалім тарапынан көптеген педогогикалық қағидаттарды ұстануға тура келеді, оның үстіне ол психолог болуы керек. Оқушыға тосын сұрақ бермеу, тез жауап беруді талап етпеу, оқушыға ойланып, дайындалуына уақыт беру. Жауапты ауызша емес, жазба түрінде талап еткен дұрыс. Ауқымды, көлемі үлкен, әр түрлі, күрделі материалдарды қысқа мерзімде беруін талап етуге болмайды. Ол материалды ақпаратқа байланысты бөліп беру. Бұндай оқушыларға жаңа тақырып бойынша жауап беруін талап етуге болмайды. Үйде дайындалуға мүмкіндік беріп, келесі сабақта сұраған жөн. Жауап сұрап, ынталандыру арқылы оқушының өзінің күшіне, біліміне деген сенімін арттыру.

Шешім:

1. Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқаулық жүргізу жұмысын қанағаттанарлық деп саналсын;
2. Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің берілуі қадағалансын;
3. «Нөлдік» білім үзгіні жүргізілсін;
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға және бағалауға бағытталған жұмыс жоспарын жасау сапасы арттырылсын;
5. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстар ұйымдастырылсын;

Төрайымы  А.Аксеитова

Хатшы  А.Нуртазина

